Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті, Қиыр Шығыс кафедрасының докторанты Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» тақырыбындағы «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация жұмысына ресми оппонент, PhD, доцент Д.Б.Дәуеннің

СЫН ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Орта Азияда жаңа мемлекеттің саяси құрылысын қалыптастыруға көп күш жұмсап келеді. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту кезінде жаңа мемлекетті құру Қазақстан жаңғыруының алғашқы сатысы болған еді.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы бірнеше қиындықтарға душар болды. Ең алдымен, экономикалық дағдарыс, әлеуметтік қиындықтар, халықтың тұрмыс-тіршілігінің төмендеуі, жұмыссыздық және экологиялық мәселелер туындаған болатын. Аталмыш мәселелерді шешу үшін еліміздің экономикасын қайта құрылымдау, оны жаңа ғылымды қажетсінетін технологиялық салаларға бағыттау, мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету негізінде әлеуметтік нарықты құру, мемлекеттік меншікті жекешелендіру, бағаны ырықтандыру, инвестициялық саясатты жүзеге асыру, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру, мәдениет, білім және ғылымды дамыту сияқты маңызды міндеттерді жүзеге асыру керек еді.

1991-1997 жылдар арасында Қазақстанның өткен жолы жаңғырудың алғашқы кезеңі болды. Қысқа мерзім ішінде Қазақстан саяси-экономикалық жүйені нығайтып дамытты, халықаралық сахнада мойындала бастады.

Тәуелсіздік жылдары барысында Қазақстан еркін әрі тәуелсіз ел құрудың сындарлы жолын өтіп, табысты дипломатия мен сыртқы саясат мемлекетіміздің егемендігі мен территориялық бүтіндігін нығайта түсті. «Қазақстан-2030» стратегиясы ел болашағы үшін қойылған міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыру жоспары бойынша өзінің қадамдарын жасады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы жаңғырудың үшінші кезеңіне өтті. Біздің жаңғыру стратегиямыз ең алдымен азаматтық бейбітшілікті нығайтуға, демократияны дамытуға бағытталған. Еліміздің екінші жаңғыру кезеңі барысында экономиканы және мемлекеттік басқару жүйесін реформалауды жалғастырды.

Қазақстанның жаңғыруы мен онымен байланысты түрлі мәселелер аз зерттелген немесе мүлдем зерттелмеген компоненттерді, әсіресе, жаңғырудың теориялық тәсілдемелеріне қатысты логикалық байланыстарды

қамтитын күрделі құбылыс болып саналады. Сондықтан, бұл тақырып зерттеуге ерекше назар аударуды қажет етіп, диссертациялық жұмыстың өзектілігін анықтайды.

Қазіргі кезде елімізде жаңғырудың жаңа моделін қалыптастыру өте маңызды. Диссертациялық жұмыс жаңғырудың жапондық моделін Қазақстанның саяси жүйесінде қолдану мүмкіндіктерін, практикалары мен технологияларын қарастыруға, екі мемлекеттің саяси дамуының ортақ және ерекше тұстарын салыстырып талдауға арналған.

Қазақстанның үшінші жаңғыру кезеңіне өту барысында жапондық жаңғыру тәжірибесін табысты қолдану мүмкіндігі ҚР-ның өзіндік моделін қалыптастыруда ұлттық мүддесін тиімділікпен ескеруді қажет ететіні сөзсіз.

Сөйтіп, осы диссертациялық зерттеудің өзектілігі қазіргі халықаралық қатынастар мен жаңғыру теорияларымен, қазақстандық жаңғырудың маңызды мәселелерімен талап етіледі.

2. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын ғылымның және/немесе мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарына сәйкестігі

Осы жұмыс Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының жапондық жаңғыру моделін Қазақстанда қолдану мүмкіндіктерін зерттеу нәтижесі болып есептеледі. Зерттеуде жаңғырудың жапондық феноменіне концептуалды талдау жасалды. Автор зерттеудің мақсаты мен міндеттерін дұрыс тұжырымдайды, қорғауға ұсынылатын тұжырымдарды анықтайды, диссертация тақырыбы бойынша объективті әрі нақты тарихнамалық шолу жасайды.

Зерттеу жұмысында жаңғыру процесінің теориялық мәселелерін, Жапония мен Қазақстанның саяси дамуында жаңғыру процестерге ерекше көңіл бөлініп, елімізде Жапонияның өзіндік тәжірибесін қолдану мүмкіндіктерін ескеру ұсыныстары жасалған.

Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» диссертация тақырыбы «ішкі саясат» ғылыми бағытына сәйкес келеді.

Сонымен бірге, диссертация тақырыбы «Қазақстан-2050» стратегиясының негізгі ережелеріне сәйкес келеді.

Диссертацияның мазмұны, қойылған мақсаты мен міндеттері, алынған ғылыми нәтижелері жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді.

3. Диссертация талаптары аясындағы ғылыми нәтижелер

Диссертациялық жұмыстың авторы отандық тарих ғылымы үшін келесі ғылыми нәтижелерді алды:

Бірінші нәтиже. Автор жаңғыру үдерісінің даму заңдылықтары, үлгілері, кезеңдері бар қоғамның үздіксіз даму процесі болып саналатындығын дәлелдейді. Ол әлеуметтік даму теориялары мен жаңғыру теорияларының идеология формасына айналу кезінде ерекше рөл атқарғандығы анықтап көрсетеді. Жаңғыру теориялары мәселелерінің негізгі тұжырымдары мен

зерттеулеріне кешенді талдау жасалды (1-тарау, 1.1 тарауша). Осының негізінде жаңғырудың теориялық ұғымдары түсіндіріліп, жапондық және қазақстандық жаңғыру модельдері сарапталды. Зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайтын негізгі әдістемелік алғышарттар талданды. Автор қазақстандық жаңғыру үлгісін жетілдіру барысында диссертацияда айтылған мәселені талдау кезінде кешенді теориялық тәсілдемені қолдануды ұсынады.

Екінші нәтиже. Қазіргі таңда қазақстандық жаңғыру процесі ғаламдық өзгерістер аясында әлемнің тәжірибелі практикаларын қолдануды қажет ететіндігі сөзсіз. Жапониядағы жаңғырудың дәстүрлі механизмдері мен технологиялары қоғамның саяси санасын жетілдіріп отыр. Осының нәтижесінде жаңғыру процестерінің дәстүрлі механизмдері арасындағы ішкі құрылымдық байланыстар өзгерістерге ұшырайды. Сонымен бірге, қазақстандық саяси жүйедегі институттардың жаңғыру стратегиялары заңдылық, тұрақтылық, тиімді бейімделгіштік өлшемдеріне жауап беруі тиіс. Бұл үшін қоғамдағы тұрақтылық пен экономикалық өсуді қамтамасыз ете алатын тежемелер мен теңестірмелер жүйесін жаңарту қажеттілігі қарастырылды.

Үшінші нәтиже. Автор жаңғырудың жапондық моделі дәстүрлі қоғамның қайнар-көздерін сақтауға әсер етіп, қазіргі саяси ақиқаттың үздіксіз дамуын және нұсқаларға бөлінуін ескере отырып, теңгерілген либералды жаңғырудың сұхбаттық моделін қалыптастырды. Жапониядағы жаңғыру процесі болса, бірнеше даму сатысынан өтіп, бүгінгі жапондық қоғам трансформациясының үшінші кезеңіне енген еді.

Төртінші нәтиже. XX ғ. 80-жылдары Жапонияның мемлекеттік стратегиясының неолибералды бағыты мен салт-дәстүрді сақтап қалу үрдісі жаңа сұхбаттасу моделін қазақстандық қоғамда қолдану мүмкіндігін ұсынып отыр.

Бесінші нәтиже. Қазақстан мен Жапонияның мемлекеттік басқару формаларына салыстырмалы талдау жасап, жапон қоғамының бірігуіне ықпал еткен жаңа либералды реформалардың сынақтан өткен кейбір механизмдерін Қазақстанда қолдану мүмкіндіктері айқындалды.

Әлбетте, жапондықтардың шинто дінінің маңызды догматтарының бірі императорлық биліктің құдайдың ұрпағы болуымен байланысты еді және бұл жағдай Жапонияның саяси мәдениетінің XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін ерекше әсер етті.

Алтыншы нәтиже. Дамудың жаңа сатысына өткен жапон қоғамының тұрақтылығы «ва» қағидасы арқылы жүзеге асып отыр. Ва – жапондықтардың құндылықтар жүйесінің негізі. Бір жағынан, бұл топтық ықпалдасу және шешім қабылдау механизмі. Екінші жағынан, бұл адамдар арасында төзімділікті, нақты әрі мейірімді қарым-қатынастарды талап ететін құндылық ретінде ынтымақтастық пен өзара түсіністікті қамтамасыз етеді.

Ва тұжырымдамасы жанжалдарға, текетіреске бармауға ұмтылыс жасауды білдіреді. Тәуелсіз Қазақстанның тұрақты дамуы да көшпенді халықтың сана-сезімінде қалыптасқан үйлесімділікті сақтау әлеуетін байқатады.

Жетінші нәтиже. Екі мемлекеттің билеуші партияларын зерттеу нәтижесінде автор пратикалық сипатқа ие болатын қорытындыға келді. Бірнеше бағдарламалар мен платформаларды талдау негізінде автор елу жылдан астам уақыт бойы жапондық ЛДП-ның мемлекеттің тұрақты дамуы мен қоғамның сенімінен шығуына әсер еткен факторларды анықтап көрсетті. Олардың ішінде қоғаммен тығыз байланыс орнату, ашықтық, жариялылық, оппозициямен ымыраға келу, фракциялар арасындағы орнықты бәсекелестік сияқты ұғымдар қарастырылды.

Сегізінші нәтиже. Жапонияда мемлекеттік қызмет жүйесінде белгілі мәселелердің болуына қарамастан, аталмыш қызметтің жұмысы жүйелі қалыптасқан, мемлекеттік және муниципалды басқарудың негізгі буындарының табысты жұмысын қамтамасыз ету міндетін атқаратын кәсіби бюрократия жұмыс істеуде. Қазақстанда жаңадан қалыптасып жатқан мемлекеттік қызмет жүйесі дамыған елдердің бюрократиялық аппарат тәжірибесін оңтайлы қолдану мәселесіне ерекше мән бергені жөн.

4. Ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен ережелері ғылыми тұрғыдан негізделген және еш күмән туғызбайды. Олар алты топтан тұратын ғылыми маңызы бар дереккөздеріне негізделген.

Бірінші нәтиже негізді әрі шынайы, себебі, ол қазіргі халықаралық қатынастар тарихында жаңғырудың негізгі тұжырымдар мен теорияларын зерттеуге және талдауға сүйенеді. Жаңғыру теориялары М.Вебердің, Т.Хубердің, М.Джюнносукэнің, Х.Фурукаваның еңбектерінде ұсынылған.

Екінші нәтиженің негізділігі мен шынайылығы да өте жоғары дәрежеде көрсетілген. Ол екі мемлекеттің жаңғыру процесіне қатысты ресми мемлекеттік және саяси құжаттарды талдауға негізделеді.

Үшінші нәтиже шынайы әрі негізді. Жаңғырудың үш кезеңіне өтіп, саяси жүйесінде түбегейлі өзгерістерге ұшыраған Жапония Қазақстанның саяси даму жолында жаңа мүмкіндіктер беретін, тәжірибеге бай ел екені сөзсіз.

Төртінші нәтиже шынайы әрі негізді. Саяси жүйеде неолибералды техникалардың жапондық үлгісі бірнеше ауқымды саяси-әкімшілік реформалардың жүзеге асуына ықпал етті. Қазақстанда жаңғырудың үшінші кезеңіне өтуі барысында аталмыш тәжірибені қарастырған өте маңызды.

Бесінші нәтиже шынайы әрі негізді. Қос мемлекеттің басқару формаларының өзіндік ерекшеліктері бар екендігі дәлелденді. Алайда, олардың мемлекет басшылары, саяси тұлғалары дәстүрлі қоғамның тұрақтылығының кепілі болуға көп күш жұмсағаны жапондық және қазақстандық мемлекеттік басқарудың негізгі факторына айналды.

Алтыншы нәтиже шынайы әрі негізді. Себебі, жапон және қазақ қоғамы салт-дәстүрді сақтап қалу жолында айтарлықтай кедергілерге тап болуда. Мұндай қиындықтардың пайда болуына қарамастан, олардың дүниетанымында үйлесімділікті сақтау, ұлттық болмыс сәйкестігі мәселесі өте маңызды болып отыр.

Жетінші және сегізінші нәтижелер шынайы әрі негізді. Себебі, олар саяси партиялардың негізгі заңдарын, саяси платформалары мен бағдарламаларын, мемлекеттік және саяси қайраткерлердің сөйлеген сөздерін, заңнамалық актілерді, стратегиялық құжаттарды терең әрі жан-жақты зерттеу нәтижесінде алынды.

Әлбетте, қазақстандық жаңғыру моделінде жапондық тәжірибені қолдану мүмкіндіктерін ұсыну барысында әр аспектіге сыни тұрғыдан қарау автордың өзіндік көзқарасын білдіретіндігін көрсетеді.

5. Әр ғылыми нәтиженің (ереженің) жаңашылдық дәрежесі

Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен ережелері тақырыпты зерттеудің жаңа тәсілдемесін ұсынады. Себебі, жұмыста қолданылатын материалдардың бір бөлігі отандық ғылымға алғаш рет енгізілуде. Ізденушінің жаңғыру мәселесіне қатысты алғаш рет отандық ғылымға енгізіп отырған фактілері, теориялық-әдістемелік тұжырымдары жаңа авторлық тәсілдеме болып саналады.

Жалпы алынған ғылыми нәтижелерді келесі жолмен бағалауға болады.

Бірінші нәтижені ішінара жаңа деп қарастыруға болады. Себебі, жаңғыру процесінің тұрақты болуы, жаңғыру теориялары мен тұжырымдарының, жапон жаңғыру моделінің қалыптасуы қазақ тілінде кешенді түрде зерттелмеген.

Екінші нәтиже – жаңа болып саналады. Осы кезге дейін жаңғыру процесі мен жапондық жаңғыру процесіне қатысты кешенді зерттеу жүргізіліп келе жатқанымен, Жапониядағы саяси сана мен мінез-құлық үнемі өзара байланыста болуы нәтижесінде жаңғыру процестерінің дәстүрлі механизмдері арасындағы ішкі байланыстар қалыптастыратын өзгерістер ғылыми еңбектерде қарастырылмаған.

Үшінші нәтиже жаңа болып есептеледі. Жапонияның жаңғыру мәселесінің тәжірибесі мен практикалары, сондай-ақ, қазақстандық саяси жүйедегі институттардың жаңғыру стратегиялары легитимділік, тұрақтылық, бейімделгіштік өлшемдеріне жауап беруі және қоғамдағы тұрақтылық пен экономикалық өсуді қамтамасыз ететін теңгерімдер жүйесін қалыптастыру мәселесі жаңаша тұрғыдан қарастырылған.

Төртінші нәтиже жаңа болып саналады. Жаңа сұхбаттасу моделін қалыптастыру, қазақстандық жағдайға бейімдеу, қазақстандық саяси жүйенің мүмкіндіктерін талдау механизмдері еліміздің дамуына жаңа серпін беруі мүмкін.

Бесінші нәтиже жаңа болып есептеледі. Қазақстан мен Жапонияда тұрақтандыру әлеуетін қамтамасыз ететін басқару формаларын талдау

барысында олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Осыған байланысты жапондық басқару моделінде Қазақстанның жаңғыруы үшін қажетті ерекше біріктіруші тетіктер мен ұстанымдар айқындалды.

Алтыншы нәтиже жаңа болып саналады. Жапондық жаңғыру моделі дәстүрлі құндылықтарды сақтауға түрткі болып, қазіргі саяси болмыстың тұрақты дамуын ескеріп, үйлесімді қажетсінетін жаңғырудың ымыраға келу және сұхбаттасу моделі анықталған. Әсіресе, осы процеске «Ва» тұжырымдамасының мән-мағынасы тұжырымдалып көрсетілген.

Жетінші және сегізінші нәтижелер де жаңа болып есептеледі. Қос мемлекеттің доминантты партиялары жүйесінде саяси жүйенің дамуы, тұрақтылықтың қамтамасыз етілуі, билеуші партиялардың басқа органдармен, ұйымдармен әрекеттесуі, бюрократиялық аппараттың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау үшін маңызды аспектілерге назар аудару қажет екендігі расталды.

Сонымен бірге, зерттеудің ғылыми жаңашылдығы оқиғалар мен процестерді жүйелендірумен, екі мемлекеттің жаңғыру мәселелерін кешенді талдаумен, жапондық жаңғыру тәжірибесін жан-жақты түсіндірумен, аталмыш тәжірибені елімізде қолдану мүмкіндіктерін қарастырумен анықталады.

6. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау

Диссертация логика мен ғылым әдістемесінің негізгі талаптарына сәйкес жасалған жеке толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып саналады. Диссертацияның қойылған мақсат пен тиісті міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нақты құрылымы мен ішкі логикасы қатаң сақталған. Қорытындылар мен нәтижелер негізделген және маңызды фактологиялық әрі сараптамалық материалмен дәлелденген.

7. Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы

Автор алған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының жаңғыру процесіне қатысты ішкі саяси стратегиясын қалыптастыру мен жүзеге асыру кезінде мемлекеттік ведомстволар тарапынан қолданылуы мүмкін.

Диссертация материалдары мен ғылыми нәтижелер саясаттану, тарих, шығыстану, экономика, халықаралық қатынастар салаларында оқырмандардың, зерттеушілердің қызығушылықтарын арттыра түспек.

Диссертация материалдары қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша оқу курстарын әзірлеу кезінде, сондай-ақ, сарапшылардың ғылыми-сараптамалық қызметінде қолданылуы мүмкін.

8. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуіне қатысты кемшіліктер.

Б.Қ. Ақынның диссертациясы жеке аяқталған зерттеу жұмысы болып есептеледі. Осы диссертациялық зерттеудің артықшылықтарын жоққа шығармай, ізденуші кейбір кемшіліктерге назар аударғаны жөн:

1.Тақырып Қазақстанның саяси дамуында Жапонияның жаңғыру үлгісін қолдану мүмкіндігіне қатысты болғандықтан қорытынды бөлімде

көрсетілген теориялық ұсыныстардан бөлек нақты тәжірибелік ұсыныстарды көрсету қажеттілігі туындайды.

2. Жұмыста орфографиялық қателіктер, сөз қайталауы бар кейбір сөйлемдер кездеседі. Мағынасы дұрыс, бірақ сөйлемдер стилистикалық жағынан түзетуді қажет етеді.

Жоғарыда айтылған ескертулер сын пікір беріліп отырған диссертациялық жұмыстың ғылыми және тәжірибелік құндылығын төмендетпейді.

9. Философия докторы (PhD) дәрежесін ұсыну мүмкіндігі туралы қорытынды.

Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы ұсынылып отырған талаптарға сәйкес келетін, өз бетінше, толық аяқталған ғылыми еңбек болып есептеледі.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, диссертациялық жұмыстың авторы Б.Қ.Ақын «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем
тілдері университеті,
шығыстану факультетінің
деканы, PhD, доцент **Д.Б. Дәуен**

29 қараша 2019 жыл